

Хаттама

Мақпал НОМ

№ 3

23.12.23

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Қатысты:13

Күн тәртібі

1. Мектепте Жаңа жылды өткізу мәселесі

Тыңдалды:

Күн тәртібі бойынша сөзді қамқоршылық кеңестің төрағасы Рахимжанов Б.Б. алды. Жаңа жылдық мерекесін ұйымдастыруға көмектесу мақсатында демеушілер тарапынан мектепке көмектесу. Шаруашылық қожалықтарына хат жазып, демеушілікке тарту қажеттілігін айтып өткен болатын.

Осыған байланысты ауылдың шаруашылық қожалықтары Жаңа жылды өткізуге төмендегідей көмек көрсеткенін баяндап өтті.

2. «Сарытомар» шаруашылық қожалығы-100000 тенге
3. «Байғара» шаруашылық қожалығы- 30000 тенге
4. Қазыбаев М. – 50000 тенге
5. КХ шаруашылық қожалары: 1.Тайшикова Ж. -10000+60000тенге
2. Хасенов Т.А. -10000тенге
3. Мешелов Ө.Ә. – 10000+5000
4. Данияров Ж.О.- 5000
5. Сағынбаев Н.-6000
6. Глинов К. -10000
7. Тұйғынов Д. -10000
8. Сейтов А.-10000
9. Маймаков М.Б. -5000

Шешім: 1. Берілген ақшаға мектеп оқушыларына және мектепке дейінгі балаларға кулек және ойынға сыйлықтар алу, қалған ақшаны оқушылардың тамақтануына қалдыру.

Жиналыс төрағасы:

Хатшы:

Б.Б.Рахимжанов

А.Ғ.Құрмашова

Хаттама

Мақпал НОМ

№ 4

10.03.23

Қамқоршылық кеңестің отырысы

Қатысты:13

Күн тәртібі

1. Көктемгі іс-шаралар өткізу және оқушылардың демалысын өткізу туралы
2. Мектептің қосымша білім беру жүйесінің жағдайы мен даму перспективаларын бағалау
3. Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік бағдарламаға қатысу.
4. Наурыз-мейрамды мерекелеуге арналған іс-шараларға қатысу.

Тындалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша алғы сөзді мектептің оқу-тәрбие ісінің орынбасары А.Т.Шалабаева алды. Көктемгі каникул кезіндегі оқушылармен өткізілетін іс-шаралар туралы айтылды. Оқушыларды үйірме, секцияларға шақыру. Спорттық іс-шаралар өткізу туралы айтылды. Тоғызқұмалақ, асық атудан мектеп оқушылары жүлделі орындар алып жатқаны, әлі де іс-шаралар өткізіліп, оқушылардың ақыл ойларын шынықтыру керектігі ескертілді.

Халықаралық әйелдер мерекесі аталып өтті, оқушылар мектепке ата-аналарын шақырып, концерттік бағдарлама көрсетті. Қолдарынан жасаған сыйлықтарын ұсынды. Аналары балаларының сыйлықтарына ризалықтарын білдіріп, алғыстарын айтты.

Наурыз мейрамы мектепте 17-ші наурыз күні өткізіді. Жоспар бойынша жауапты тұлғалар бекітілді. Дмеушік көмек жоқ. Оқушылар наурызға өздері үйлерінен ұлттық тағамдар алып келіп, концертті тамашалап, өз тағамдарын жеді. Мұғалімдер ұжымы Наурыз көже пісіріп, оқушыларға ауыз тигізді. Келген ата-аналар ауыз тиді. Концертте қазақтың салт-дәстүрлері көрсетіліп,би биленді.

Шешім: 1. Көтемгі каникулда барлық қауіпсіздік ержелерін сақтап, оқушылардың дұрыс өткізуін қадағалау.

Жиналыс төрағасы:

Б.Б.Рахимжанов

Хатшы:

А.Ғ.Құрмашова

